According to the data of Barclays Bank’s trading system, in early 2010, the spread on backed securities with the collateral of high quality mortgage loans originated in the UK was 300-400 base points, depending on the repayment date. Spreads on comparable loans originated from Denmark remain on the same level. The Irish securities are seen by investors as one of the most risky ways of investments, which is reflected on the trade spread reaching 1.200 - 1.500 base points [2,4].

To conclude, it should be noted that currently the most widely spread risk is the one which is quite uncommon for securitization market, namely, a sovereign default risk.

The analysis of a two-level scheme of performing securitization in the USA and a one-level system of securitization in Europe makes it possible to conclude that the scheme of mortgage securitization process in Europe differs from that in the USA. It is explained, primarily, by the legislation specifics and lack of trust companies in Europe (their role is played by a depository). In Europe, there is no bank-organizer; for this purpose there is established a special managing company which forms charging instruments (instruments of pledge) in mortgage packets by their maturity, yield and risk and then places them in custody in the depository. Based on a standard agreement with a depository, the company receives an insert paper on each packet of the instruments of pledge and issues securities.

In terms of summarizing, it is worth comparing advanced markets of Europe and the USA. For this purpose, below are given statistics concerning the U.S. and European debt markets [2,4, 6]:

1. The total amount of the issued liabilities. As seen from the table below, in 2010 markets did not reach the pre-crisis values (of 2007). The European market

experienced a greater decline in 2009, unlike the American market which was on the brink of collapse in 2008. As was described above, the actions of the U.S. authorities enabled to hold the mortgage sphere from an inevitable collapse, while the European authorities, on the contrary, tightened their requirements.

2. The classification of all the backed assets shows that the biggest share belongs to the agency mortgage securities under the government guarantees in the USA, whereas in Europe it belongs to private mortgage securities secured by the housing premises (RMBS).

3. According to the indicators of rating agencies, the investment securities' assessments dropped during the crisis of 2008. Ratings agencies must have provided unreliable assessments of mortgage securities, partially due to the fact they had received handsome commissions from the issuers whom they were supposed to objectively assess with regard to index 51.

In 2010 in the USA the highest rating was awarded to the fewer issuances than in 2009, which is related, as shown above, to the problems in the sphere of non-agency mortgage securities. In Europe, on the contrary, the situation somewhat improved, which was probably due to the supervision bodies' focused attention. The crisis of financial markets has identified serious problems related to traditional securitization following the "American" pattern with the participation of mortgage securities MBS [2, 4, 6].

Table 4. European Historical Issuance, in billions Euros

	Q1	Q2	Q3	Q4	Total
2000	14.1	16.4	21.4	26.3	78.2
2001	20.5	43.2	22.7	66.2	152.6
2002	24.3	42.6	35.7	55.1	157.7
2003	43.3	51.9	39.7	82.4	217.3

Table 5. US Historical Issuance, in billions Euros

	Total
2000	1088.
2001-4	2308.

2004	55.8	59.0	53.2	75.5	243.5		
2005	47.8	94.4	41.5	143.3	327.0		2592.7
2006	69.0	114.3	112.8	184.9	481.0		2914.5
2007	128.7	152.0	98.3	74.7	453.7		1956.6
2008	40.0	169.5	134.1	367.6	711.1		2650.6
2009	123.2	81.2	114.7	94.9	414.1		2455.8
2010	75.5	32.2	111.5	160.6	379.9		2147.1
							933.6
							1358.9
							1276.7

Source: Salomon Smith Barney.

What happened was that in conditions of market stress, bonds with mortgage cover-age had a higher liquidity because securitization is considered to be a less transparent and a more speculative instrument, which restricts investors' demand.

**Conclusion.** The main differences between mortgage securities and bonds with mortgage coverage are as follows:

in a typical MBS transaction, a pool of loans sells, whereas in the bond issue a pool of assets remains on the sponsor's balance sheet;

1. the structure of bonds coverage pool is dynamic by nature, i.e. "bad" loans and early repayment loans are substituted by new loans or other permitted types of assets. In securitization via mortgage securities, an asset pool is static, and it cannot change before repayment;
2. bonds provide investors with the right of regress to the issuer's balance sheet in case the collateral's market value is insufficient for paying the main sum of debt and interest to investors. Investors in mortgage securities, as a rule, do not have such right. Summing up the situation on foreign securitized asset markets, it should be emphasized that the crisis was caused by the following factors: an uncontrolled vicious cycle which included the desire of mortgage companies to issue as many loans as possible to borrowers and gain a commission on that; the investment bankers' readiness to refinance loans with the help of placing structural products on the market; and appetite supported by the rating agencies' ratings and investments in those products.

Every model has its pros and cons. A two-level system enables to gain high liquidity, improve the balance of sheet indicators, and considerably decrease the originator's risks. However, a European one-level system is more reliable. More restrictions are imposed on the issuing banks' activities. Now the market is gradually reviving; however, there is still a long way to the full recovery. Reforms and legislative regulations are in the process of being developed; they will be able to protect all kinds of participants in the securitization transactions.

### **Bibliography:**

1. Bocharov V.V. Financial engineering. - St. Petersburg: Peter, 2004. -- 400 p.
2. Darushin I.A. Financial engineering. Tools and technology. Monograph - Moscow: Prospect, 2015. -- 296 p.
3. Marshall John F., Bansal Vipul K. Financial Engineering: A Complete Guide to Financial Innovation: Per. from English - M.: INFRA-M, 1998. -- 784 p.
  4. Salih N. Neftci, Principles of Financial Engineering (Academic Press Finance), 2015-178pp.
  5. Kat, Harry M. Structured equity derivatives: the definitive guide to exotic options and structured notes. – John Wiley & Sons Ltd, 2011-88pp.
  6. Knop, Roberto. Structured Products, A Complete Toolkit to Face Changing Financial Markets. New York: Wiley, 2012-88pp.

### **Библиография:**

1. Бочаров В.В. Финансовый инжиниринг. - СПб: Питер, 2004. - 400 с.
2. Дарушин И.А. Финансовый инжиниринг. Инструменты и технологии. Монография - М.: Проспект, 2015. - 296с.
3. Маршалл Джон Ф., Бансал Випул К. Финансовая инженерия: Полное руководство по финансовым нововведениям: Пер. с англ. - М.: ИНФРА-М, 1998. - 784 с.
4. Салих Н. Нефтчи, Принципы финансового инжиниринга (Academic Press Finance), 2015- 178 с.

5. Кэт, Гарри М. Структурированные производные акции: окончательное руководство по экзотическим опционам и структурированным нотам. - John Wiley & Sons Ltd, 2011-88с.
6. Кноп, Роберто. Структурированные продукты, полный набор инструментов для изменения финансовых рынков. Нью-Йорк: Wiley, 2012-88с.

**Библиография:**

1. Бочаров В.В. Қаржылық инженерия. - Санкт-Петербург: Петр, 2004 - 400 б.
2. Дарушин И.А. Қаржылық инженерия. Құралдар мен технологиялар. Монография - М.: Проспект, 2015.—296б.
3. Маршалл Джон Ф., Бансал Випул К. Қаржылық инженерия: Қаржылық инновацияның толық нұсқауы: Пер. ағылшын тілінен - М.: INFRA-M, 1998.-- 784 б.
4. Нефтчи Салих Н., Қаржылық Инженерия негіздері (Академиялық Баспасөз), 2015 - 178 б.
5. Кат, Гарри М. құрылымдық туындылар: экзотикалық опциялар мен құрылымдық ноталарға арналған ең жақсы нұсқаулық. - John Wiley & Sons Ltd, 2011-88б.
6. Ноп, Роберто. Құрылымдық өнімдер, қаржы нарықтарын өзгертуге арналған құралдардың толық жиынтығы. Нью-Йорк: Вили, 2012 -88 б.

**Калиева Гульбахыт Тулпарбековна**

э.ғ.д, профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Дүйсенбек Онгарович Абленов**

э.ғ.к., профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Утегулова Эльмира**

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Муратбек Бахтияров**

э.ғ.к., қауым.профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Жалғас Суеубаев**

э.ғ.к., қауым.профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ**

**Андатпа.** Мақала әлемдік қаржы жүйесін реформалау мәселелеріне арналған. Ғаламдық несиелік және валюталық қатынастар дамып келе жатқан институттардың ережелері мен қағидаларын, реформаларын авторлар екі бағытта қарастырады. АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Канада үкіметтерінің халықаралық ақша-қаржы жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарға ерекше назар аударылады.

**Түйінді сөздер:** әлемдік қаржы жүйесі, ХВҚ, Дүниежүзілік банк, халықаралық ақша жүйесі, халықаралық қаржы институттары.

## **РЕФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЙ ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЫ**

**Аннотация.** Статья посвящена проблемам реформирования мировой финансовой системы. Реформирование действующей совокупности институтов, правил и принципов, в рамках которых развиваются мировые кредитные и валютные отношения, авторами рассматривается в двух направлениях. Особое внимание уделено предложениям о реформах международной валютно-финансовой системы правительств США, Великобритании, Франции и Канады.

**Ключевые слова:** мировая финансовая система, МВФ, Мировой банк, международная валютно-финансовая система, международные финансовые институты.

## **REFORMING THE WORLD FINANCIAL SYSTEM**

**Abstract.** The paper is devoted to the problems of reforming the world financial system. The authors consider the reformation of the existing set of institutions, rules and principles within which the world credit and currency relations are developing in two directions. Special attention is paid to the proposals on the reform of the international monetary and financial system of the governments of the USA, Great Britain, France and Canada.

**Keywords:** world financial system, IMF, World Bank, international monetary and financial system, international financial institutions.

**Кіріспе.** Дүниежүзілік қаржы-валюталық дағдарыстары халықаралық қаржы жүйесін реформалау қажеттіліктерін тудырады. Институттардың қолданыстағы жиынтығын реформалау, дүниежүзілік несие мен валюталық қатынастарды дамыту шеңберінде ережелер мен қағидаларды екі бағытта қарастырады. Кейбірі халықаралық қаржы нарықтарының реттеуіне әр түрлі шаралар қолданылсын десе, кейбірі, керісінше ол бостандықта өздігінен реттеудің жоспарсыз күштерінің әсері мол дейді. Олардың пікірі бойынша, дағдарыстың пайда болуы осы үдерістерге халықаралық және ұлттық институттардың шектен тыс килігуінен туындайды [1,2,3].

Ең алдымен, бұл халықаралық қаржы ағындарының үстінен бақылауға, әсіресе қысқа мерзімді алыпсатарлық капиталдар жатады. Белгілі ойшыл Дж. Сорос, егер осындай операцияларды бақылауға алмасақ, дүниежүзілік қаржы нарықтарына капиталистік жүйенің күйреуі мүмкін деп жазған. 1998 жылдың қыркүйегінде Малайзияда мұндай бақылау енгізіліп, бірақ қоржындық инвестицияның ағылуына шек қойған.

Осы бағытта капиталдың еркін қозғалысының артықшылықтары туралы көрнекті американдық экономистер П. Кругман және Я. Бхавати дәстүрлі теориялық ұғымдар жайлы пікір-таластарды ұсынды. Олардың ойынша басты мәселе, бұл артықшылықтар (ең бастысы шет елден қаражат тартуға негізделген) түбегейлі тәуекелмен тікелей байланысты. Олардың теориялық үлгілерінен шынайы қаржы нарықтары айтарлықтай айырмашылықта болады. Бұл жерде инвесторлардың мінез-құлқы жайлы сенімді ақпарат жоқ, тек жаппай психологиялық көрсетілімдермен және заңдармен анықталады [2,3,4].

Кейбір экономисттердің айтуы бойынша, Бреттон-Вуд кезінде (1945 жылдан 1973 жылға дейін) дүниежүзілік экономикада валюталық жүйе орнықты және табысты дамыған болатын. Дамыған елдердің өсуінің орташа қарқыны жылына 4 % құрады. Бұдан кейін, анағұрлым үлкенірек қаржылық ұтымды шарттарындағы бұл сандар үштен бірге қысқарды. Әлемде соңғы жыл ішінде 90-нан артық маңызды банктік дағдарыстар болды [2, 4,5,6].

**Негізгі бөлім.** Соңғы жылдары қаржы нарықтарын дамытудағы барлық беталыстар халықаралық валюталық қор және бүкіләлемдік банктердің көрсетіліп және көрсетіліп жатқан төлем баланстарының тек қана ағымдағы баптары ғана емес, капиталды қозғалыстарының есептерінің бұл ырықтануы тұрақсыз, мұндай нарықтардың артуына және сонымен күмәнді талаптардың үстінен жеткізілуіне әкеп соқтырды.

Қаржы нарықтарының қайта реттелуі және сауда еркіндігі түсінігі батыста соңғы он жылда бекіп қалған кемшіліктері мен артықшылықтары туралы көтерілген сұрақтармен байланысты. Халықаралық қаржы жүйесінің реформалары туралы сұрақтар әртүрлі нысанда кең көлемде талқыланылуын елдің жоғарғы деңгейдегі басшысы атап өтті. 1999 жылдың қыркүйегінде Оклендте (Жаңа Зеландия) болған Азиялық-тынық мұхит экономикалық ынтымақтастық ұйым (АТЭЫҰ) елдерінің жетекшілерінің кездесуінде қаржы дағдарыстың салдарын болдырмау мәселелері көп орын иеленген жерде, мәселен тек қана азиялық елдерінде эпицентрімен көрсетілгенін айтуға болады [4,5,6,7].

Қаржы дағдарсына бірнеше елдердің ұсыныстары «Жауап АТЭЫҰ» аталмыш құжатында айтылған. Олар:

- қаржы нарықтарына қадағалауды күшейту;
- банктермен баға жүйелерін қадағалау;
- зейнетақыны реформалау (қаржы нарығындағы зейнетақы қорларының маңызды рөлін еспеке алуымен);
- олардың іс әрекетіне байланысты толық ақпараттар беру, “ашықтық”, “транспаренттік” мәселелерімен айналысатын несие мекемелерінің рейтинг агенттіктерінің қызметін жақсарту;
- ішкі нарықтағы облигацияларды дамыту;
- корпорациялардың басқаруын күшейту;
- капиталдың еркін және тұрақты ағындары (бұл ағындарды бақылау жүйесі, соның ішінде қысқа мерзімді капиталдың ағындарымен).

Ұсыныстардың қатары қысқа мерзімді капиталдың қозғалысына бақылауды қатайтумен байланысты болды. Алыпсатарлық капиталдың шамадан тыс ағымына қарсы Чилида қабылданған шаралар сапалы, әрі табысты мысал ретінде жүргізілді. Мұндай капиталдың 30%-ы Орталық банктегі пайызсыз шотқа есепке алынуы тиіс; бұдан басқа, бір жылдан кем емес уақыт ішінде қоржынды инвестицияның ерекше маңызды барлық түзетулерін жүзеге асыру керек. Нәтижесінде ұзақ мерзімді инвестицияларды қысқа мерзімді инвестициялармен салыстарғанда үлесі артты. Чилиге шетелдік капиталының жалпы құйылымы ЖІӨ 6 %, Малайзия мен Таиландта және мұндай шектеулер болмағандықтан бұл көрсеткіш 10 % құрады.

Сонымен бірге қысқа мерзімді шетелдік капиталдың құйылуын шектеу мақсатымен, сол сияқты салық өлшемдері де талқыланады. Ұсыныстар арасында американдық Джеймс Тобинның (“Тобинның салығы”): аударылатын валютада біртұтас салықты арнайы халықаралық келісімнің негізінде енгізу. Бастапқыда ол 1 % көлемінде салықты ұсынды, бірақ бұдан кейін оған елдерде төмендетілген түзетулер енгізді: мүмкін 0,25 %-ға дейін және тіпті 0,1 %-ға (форвардтық мәміле және валюталық своптарды қосқанда) дейін төмендетті. Оның есептеуі бойынша бұл салықтан түсетін кірістің 50%-ын, сонымен бірге бұдан осы елдің иелігінде бір жылда 99 миллиард доллар құрай алатын болса, ал 50 % Бүкіләлемдік банк бойынша түседі. Алайда бұл салықтың мақсаты бюджетті толықтыру емес, алыпсатарлық операцияларды шектеу және әрбір тараптың меншікті ақша-несие саясатының дербестігін сақтау болып келеді.

Кейбір үкіметтерден халықаралық қаржы-валюталық жүйесін реформалау туралы ұсыныстар түсті. Осылай, Ұлыбритания үкіметі ғаламдық қаржылық реттеудің тұрақты комитетін, бірлескен ХВҚ, Дүниежүзілік банк және Базельдік комитетін құруды ұсынды. Бұл комитеттің басты міндеті қаржы мекемелерінде бақылау мен реттеу халықаралық стандарттарға сай әзірлеу және олардың орындалуына бақылау жасау болып табылады.

Француз үкіметі оның қаржылық міндеттемелерін қосқанда қордың қызметіне қатысты өте маңызды стратегиялық шешімдердің қабылдануын жетекші елдердің қаржы министрлерінің Кеңесі ДВҚ шеңберінде қалыптастыруды ұсынды. Сонымен бірге өзінің жеке қаржы институттары туралы хабарлауға мәліметтер (Дискловшур Чартер) туралы Хартияны қабылдады және қорды дайындауын ұсынды. Капитал ағымының тұрақсыздануынан қорғау үшін шаралар қабылдап, “ДВҚ-мен кеңес беру” халықаралық қаржы қозғалысының ырықтануын баяу, сақтықпен жүзеге асыруын Франция үкіметі ұсынды.

АҚШ экономикалық саясаттың дұрыс жүргізілуіне қарамастан дағдарыстың қауіп-қатерінен қорғануда елдермен несиелік желі ашуға жол беруді, “күтпеген жағдайлар үшін механизм” ХВҚ шеңберінде құруды ұсынды.

Канадалық жоспар облигация қарыздарының шарттарын қарастыру жолында, жекелеген жағдайда, дағдарыс жағдайын жақсарту үшін жеке инвесторларды тарту және капитал қозғалысын ырықтандыруда сақ болуға, “Үлкен жетілік” ел орталық банк тараптарымен “зеректікке” шақыру болып табылады. Бұл жобада халықаралық қаржылық келісімшарттарға ХВҚ келісімі бойынша елдердің қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіретін қысқа мерзімдік капиталды өтеп алу тоқтатыла тұратын төтенше жағдайлар жөнінде арнайы талаптар енгізу туралы ұсыныстар мазмұндалған. 1998 жылдың қазанында “топ 22” және “топ 7”-тың қаржы министрліктер реформаның айқара ашылған жобаларымен бой көрсетті. Қаржылық институттарға бақылауын кредитор-елдерде қалай болса қарыз-елдерде де солай күшейтуді жеті жетекші орталық банк басшылары және қаржы министрліктері халықаралық қаржы жүйесін нығайту туралы декларацияда көрсеткен. Бұл декларацияда халықаралық, жеке, мемлекеттік қаржы нарықтарының қатысушыларының барлық қызыметтері мен операцияларында “сенімділігі” үлкен мүмкіндіктеріне ерекше назар аударды. Бұл ХВҚ қаражаттары және олардың пайдаланылуы туралы, ресми валюталық резервтер және оларды динамикасы туралы, банктердің және басқада қаржы мекемелердің операциялары туралы, т.б ақпараттарға қатысты. Сондықтан халықаралық қарыз туралы келісімде төтенше жағдайларда, несие берушінің ұжымдық жұмыстары (қаржылық қиыншылықтар болған жағдайда) туралы, соның ішінде мемлекеттік және квази - «жетілік» елдерінің мемлекеттік облигацияларын шығаруды қоса

алғанда, ал қарыз елдер үшін несиелік туралы коммерциялық банктермен алдын ала келісу талаптарын енгізу ұсынылады.

“Топ 22” баяндамасы үш жұмыс тобының алдыңғы қорытындыларына негізделген: дағдарысты алдын алуда халықаралық қаржы және қаржы жүйесін нығайту, нақты сұрақтар бойынша қаржылық есеп беру мен ақпараттар.

Бірақ та мұнда олардың орындалуын қалай қамтамасыздандырылуы туралы сұрақтар жауапсыз қалды. Сондықтан “сенімді” қаржы жүйесі туралы кепілдемелерді сақтаумен байланысты болған олардың пайыздық мөлшерлемелері мен ДВҚ несиелік беруде кейбір мамандарды ұсынады.

Екінші топ Базелда әзірленген “Банктік қадағалаудың негізгі қағидаларын” жақтады. Үшінші топ борышкерге беру мүмкіндігін таңдау және олардың жұмыс істеу икемділігі, төлем шарттарын оңтайландыру, келісімшартта қарыз туралы ескертпелерді қамту туралы ұсыныстардың мазмұнын қорытындылады. Сонымен қатар, өзінің меншіктенуші мемлекеттік облигацияларын шығару кезінде бұл шарттарды кредитор-елдердің сынап көруі ұсынылады.

Кейінгі кезде ХВҚ реформасы, оның қызметтерінің механизмі туралы сұрақтар жиі көтеріліп жүр. Сондықтан ұсыныстардың түрлері де өте көп: дербес ұйымдар сияқты Қордың (оның Дүниежүзілік банкпен бірлесуі жолымен) өтімділігінен оның функциясының кеңейуіне дейін.

Бұл үшін екі тәсілдеме ұсынылады. Бірінші тәсіл өзінің өкілеттік шеңберінен ХВҚ-дың шығуы, дағдарысқа түскен елдерге ірі көлемде қаржылық қолдау көрсетуден тұрады. Бұл жағдайда тәжірибеге сүйенсек өзіне моральдық қауіп күштірек: мемлекеттік билік өзін сақтық көзқараспен ұстайды, ішкі (мемлекеттік бюджет) және сыртқы (төлем балансы) қатаң қаржылық тәртіпті сақтамайды, Қордың қаржысына сенеді.

Мемлекеттік банкроттықтың тәртібі мен механизмдері осыған орай қалай қарастырылатыны (халықаралық деңгейде), әзірленген болу керектігі (коммерциялық құрылымдардың банкротқа ұшырағанына арнап қарастыруына ұқсас) болжанады.

Қор ресми түрде «соңғы инстанцияның несиелік берушісі» болуы керектігі және жекеленген банктерге жәрдемдесуде, қиын жағдайларға душар болған елдерге жәрдем көрсетуде ұлттық орталық банктердің қажеттілігіне тағы да бір көзқараспен қорытынды жасады. Бұл жағдайда ХВҚ капиталын, яғни мүше-елдердің жарналарын едеуір көбейту керек болар еді де, Қор дүниежүзілік бір орталық банк болып табылар еді.

Жоғарыда сөз болған моральдық қауіптің алдын алу үшін, ХВҚ-дың қадағалау міндеттерін күшейту керек, ол үшін дағдарыс кезінде емес, дағдарысқа дейін дағдарысқа түсу қаупі төніп тұрған мемлекеттерде дағдарыстың алдын алу іс-шараларын жүргізу керек. Дегенмен ХВҚ міндеттерінің кеңейтілуі өте маңызды мәселелермен соқтығысады, алайда ғаламдану жағдайында мемлекеттің егемендігін сақтау.

Жекелеген экономистер халықаралық валюта қорының орнына мамандандырылған үш мекемені қарастырған (сурет 1):

- 1) Елдердің қаржылық жағдайлары туралы, олардың қаржылық жүйелерінің рейтингтері туралы ақпараттарды уақытымен жинақтап, уақытымен тарататын және тиісті ақпараттарды ұсынбаған елдерге қатысты дабыл қағатын - ғаламдық ақпараттық агенттік;
- 2) Өтімділікпен уақытша мәселелерін сынайтын, қаржыны өткір саясаттың негізінде жүзеге асыратын елдер үшін несиелік желі ашатын - күтпеген қаржы жағдайлары жөніндегі ғаламдық агенттік
- 3) Несиелік берушімен адал келіссөз жүргізу және экономиканы қайта құру үшін нақты күш салуды ұсынған елдерге қаржылық жәрдем көрсететін және төлемді тоқтата тұратын (“салқындатылған кезең”-де) - борыштарды қайта құрылымдау жөніндегі ғаламдық агенттік құруды ұсынады. Сонымен қатар ХВҚ басшысы қорды реформалауда өзінің бес тармақты бағдарламасын қалыптастырды.



Сурет 1. Мамандандырылған үш мекемені

Біріншіден, мемлекеттік желілер бойынша қалай қаржылық қатынастар үлкен жариялылықпен келсе, солай басқа компаниялар мен банктік желілер (қаржыландырылмаған жағдайда) бойынша олардан қабылданған бухгалтерлік есеп пен аудиттің стандартын (бұл ХВҚ өзіне қатысты) сақтауды талап етеді; екіншіден, экономика және қаржылық нарықтың саласында жақсы тәртіп жасау ережесін (“кодексы”) әзірлеу; үшіншіден, капитал қозғалысының ырықтандыруын жалғастыру, бірақ ретке келтірілген үлгіде бұл алғышарттар үшін есепке алу қажет; төртіншіден, қаржылық секторды қажетті бағытта нығайту және реформалау; ең соңғысы, дағдарыс шегінде тұрған жеке қаржылық институттарды қолдаумен байланысты күрделі мәселелерді шешу жолдарын табу.

**Қорытынды.** Халықаралық қаржы жүйесін реформалау саласындағы басты ұсыныстардың бірі ғаламдық масштабта құрылған қаржылық институттар мен механизмдерді қарастыру. Мысалы, ғаламдық орталық банк үш басты функцияны орындау мен әрбір жеке елдер шеңберінде әрекет етуі: соңғы инстанциядағы кредитор, сот және қаржылық нарықпен реттеу, банкроттық туралы шешімді қабылдау (кейбір жағдайда толық мемлекет банкрот болуы мүмкін). “Ғаламдық орталық банк” айналысқа бағалы қағаз шығару мүмкіндігі бар кейбір нұсқаларында экономикалық өсуді ыңдаландыру үшін жекелеген жағдайда “ғаламдық валюта” функциясын толықтыруды ұсынады.

Халықаралық қаржы саласының бірнеше маңызды реформа жобалары бір-бірімен бірікпейтін, бір-біріне қарама қайшы үш ақиқат жағдайға душар болады: әрбір елдің егемен мемлекет болуы, ғаламдық қаржылық нарықтың реттеу пәрменділігі және бұл нарықтардың еркін жұмыс істеу артықшылықтары. Аталған бұл жағдайлар барлық қаржы жүйесінің ішкі тұрақсыздық негізінде жатыр, бірақ оларды толығымен шешу мүмкін емес. Халықаралық деңгейде қаржы саясатын үйлестіру жолының бұл қарама-қайшылықты оңтайландырудың кейбір мүмкіндіктері бар (бұл жағдайда бұндай банкротқа түгел барлық ел ұшырауы мүмкін).

Өкілдері қарама-қайшы позициялар осы тақырыпқа соңғы пікірталаста еркін, өзін-өзі реттей алатын қаржылық нарықтардың пайдасына шешілетін басқа да бағыттары барын мәлімдеді. Бұрынғы кикілжіңнің басты себептерін олар, бұрын айтып өткендей, қарыз алушыларға және

инвесторларға шектен тыс қамқоршы болған және қолдау көрсеткен ХВҚ-дың әрекеттерінен көрді.

Экономикалық жоспарда ХВҚ ресурстарын, мүше-мемлекеттердің квоталарын (жарналарын) өсіру есебінен емес, арнайы облигациялар шығару жолымен, яғни қаржылық нарықта қарыз алу арқылы ұлғайту жөнінде ұсыныстар қозғалды. Осылайша 5 жылда шамамен 100 млрд. долларды (20-25 млрд. доллар жыл сайын) қамтуы мүмкін еді деп болжануда [6,7].

### **Библиография:**

1. Киндлбергер Ч., Алибер Р. Дүниежүзілік қаржылық дағдарыстар: мания, дүрбелең және күйреу. Санкт-Петербург: Петр, 2010 -178с.
2. Глазьев С.Ю. және басқалары Дүниежүзілік ақша-қаржы жүйесін реформалау және экономикалық өсуді ынталандыру туралы // Ақша және несие, № 7, 2012 ж. - б . 12-20.
3. Сорос Дж. Жаңа жаһандық қаржылық архитектура. «Экономика» журналы №12, 2010 ж. – б.37-45.
4. Акинтой А., Бек М. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саясат, менеджмент және қаржы. Вейли, 2009 жыл -38б.
5. Алескеров Ф., Калягин В., Погорельский К. Халықаралық валюта қорындағы қуаттылықты бөлуді талдау // Автоматика және қашықтан басқару. Көлемі 69 (11), 2008 жыл – б.22-28.
6. Барро Р., Ли Дж.-У. ХВҚ бағдарламалары: кім таңдалды және оның нәтижелері қандай? // Монетарлық экономика журналы. Көлемі 52 (7), 2010 жыл - 12-18б.
7. Брандер П., Грех Х. ХВҚ-дағы ЕО өкілдігі - Дауыс беруді талдау// Ақша саясаты және экономика, 2009. . Көлемі 8, б.38-47

### **Библиография:**

1. Киндлбергер Ч., Алибер Р. Мировые финансовые кризисы: мании, паники и крахи. СПб: Питер, 2010- 178с.
2. Глазьев С.Ю. и др. О реформировании глобальной валютно-финансовой системы и стимулировании экономического роста // Деньги и кредит, № 7, 2012- с. 12-20.
3. Сорос Дж. Новая глобальная финансовая архитектура. Журнал «Вопросы экономики» №12, 2010- с.37-45
4. Акинтой А., Бек М. Политика, управление и финансы для государственно-частного предпринимательства. Партнерские отношения. Wiley, 2009- 38с.
5. Алескеров Ф., Калягин В., Погорельский К. Анализ распределения электроэнергии в Международном валютном фонде // Автоматизация и телемеханика. Том 69 (11), 2008 - с. 22-28.
6. Барро Р., Ли Ж.-В. Программы МВФ: кого выбирают и каковы последствия? // Журнал монетарной экономики. Том 52 (7), октябрь 2010 г. - стр.12-18.
7. Брандер П., Греч Х. Представительство ЕС в МВФ - анализ голосующей власти // Денежно-кредитная политика и экономика, 2009 - с.38-47.

### **Bibliography:**

1. Kindlberger Ch., Aliber R. World financial crises: mania, panic and collapse. St. Petersburg: Peter, 2010 – 178pp.
2. Glazyev S.Yu. and others. On reforming the global monetary and financial system and stimulating economic growth // Money and Credit, No. 7, 2012 – p.12-20.
3. Soros J. New global financial architecture. Journal "Economics" №12, 2010 p.37-45

4. Akintoye A., Beck M. Policy, Management and Finance for Public–Private Partnerships. Wiley, 2009 – 38pp.
5. Aleskerov F., Kalyagin V., Pogorelskiy K. Power Distribution Analysis in the International Monetary Fund // Automation and Remote Control. Vol. 69(11), 2008.
6. Barro R., Lee J.-W. IMF Programs: Who is Chosen and What are the Effects? // Journal of Monetary Economics. Vol. 52(7), October 2010 – p.12-18.
7. Brander P., Grech H. EU Representation at IMF – A Voting Power Analysis // Monetary Policy and Economy, 2009- p.38-47

**Гульбакыт Тулпарбековна Калиева**

э.ғ.д, профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Дина Айтжанова**

э.ғ.к., доцент

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Тлеберген Габдуллаевич Габдуллин**

э.ғ.к., доцент

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Даулетбек Задинович Дуйсекеев**

э.ғ.к., қауым. профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

**Жалғас Суеубаев**

э.ғ.к., қауым. профессор

Орта – Азиалық университеті

Қазақстан, Алматы

## **ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАРЖЫЛЫҚ DAҒДАРЫС: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН САБАҚТАР**

**Түйіндеме.** Мақалада әлемдік қаржы дағдарысының себептері және олардың Қазақстан экономикасына қалай әсер етуі қарастырылады. Сондай-ақ әлемдік экономиканың жаһандық проблемалары анықталды. Мақала соңында авторлар Қазақстан үшін әлемдік қаржы дағдарысының салдарын бейтараптандыру үшін шаралар ұсынады.

**Түйін сөздер:** банктер, мемлекеттік реттеу, несие, дағдарыс, орталық банк.

## **МИРОВОЙ ФИНАНСОВЫЙ КРИЗИС: УРОКИ ДЛЯ КАЗАХСТАНА**

**Резюме.** В статье рассматриваются причины мирового финансового кризиса и как они повлияли на казахстанскую экономику. Также выявлены глобальные проблемы мировой экономики. В заключение статьи авторы предлагают меры для нейтрализации последствий мирового финансового кризиса для Казахстана.

**Ключевые слова:** банки, государственное регулирование, кредит, кризис, центральный банк.

## **WORLD FINANCIAL CRISIS: CONSEQUENCES FOR KAZAKHSTAN**

**Abstract.** The paper discusses the causes of the global financial crisis and how they affected the Kazakhstan economy. The global problems of the global economy are also identified. In conclusion, the authors propose measures to neutralize the consequences of the global financial crisis for Kazakhstan.

**Keywords:** banks, state regulation, credit, crisis, central bank.

**Кіріспе.** Қазіргі кезде әлемде қаржылық сектордың маңызы өсуде, осының нәтижесінде елдің экономикалық жағдайын қажетті тауарды өндіруі мен қызмет көрсетілуі бойынша ғана емес (XIX-XX ғасырда жағдаймен), бюджет, төлем балансы, мемлекеттік қарыз сияқты қаржылық көрсеткіштерге қарап қорытындылайды.

Нәтижесінде дүниежүзілік экономика одан әрі әлемнің жетекші елдерінің қаржылық жағдайына тәуелді болады. АҚШ мемлекеттік бюджетінің жетіспеушіліктері және осы дамумен байланысты американдық мемлекеттік қарыз, дүниежүзінің көптеген елдерінің ішкі саудасының едәуір бөлігі жүргізілетін доллар бағамына қайшы келеді.

Әлемде қаржы рөлінің күшеюінің басқа себептері халықаралық капиталдар қозғалысынан көптеген елдердің тәуелділігінің өсуі болып табылады.

Оған тағы да соңғы ондаған жылдар ішінде ағымдағы төлем баланс тапшылығының өсе түсуінен басқа мемлекеттік федералдық бюджет тапшылығын жабуға барынша ауқымды нетто-капиталдың құйылуы қажет болған АҚШ мысал бола алады.

Қаржы ресурстары – бұл мағлұматтармен қатар, әлемнің барынша ғаламданған және жұмылдырылған дүниежүзілік экономикалық ресурс. Оның куәсі кейбір дүниежүзілік қаржы нарығындағы сегменттер, ең алдымен валюта нарығындағы аса ауқымды айналымдар, сондай-ақ несие мен акция нарығында резидент еместердің қатысуы барынша өсе түскені айғақтайды.

АҚШ дүниежүзілік шаруашылығындағы жетекші ел, аумағы және халқының саны жағынан әлемнің аса ірі мемлекеттерінің бірі. Бұл елде шамамен ауданы 9,4 млн. шаршы км аумақта 298 млн-нан астам халық (2006 жылы) тұрады. АҚШ-тың ішкі жалпы өнімінің (ЖІӨ) көлемі XIX ғасырдың соңында әлемде 1-орында болды. Қайта есептеуінде ЖІӨ-ді адам басына шаққанда әлемде 2-орын иеленді. АҚШ-тың дүниежүзілік өндірістегі үлесі – 20,1%. Елде мұнай, газ, тас көмір, мыс, алтын, ванадия т.б. пайдалы қазбалардың елеулі қоры бар [1].

Америкалық ЖІӨ-нің үлкен бөлігі қызмет көрсету саласында (80%) жасалады, олар – білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, сауда, қаржы, көлік және байланыс. ЖІӨ-нің тек қана 20 % материалдық өндіріс саласына, ауыл және орман шаруашылығына, балық өнеркәсібіне, өндіру мен өңдеу өнеркәсібіне және құрылысқа тиесілі. АҚШ-тың ЖІӨ-де өндіру өнеркәсібінің үлесі бар болғаны 2 % құрайды [2].

**Негізгі бөлім.** Елдің экономикалық дамуының жоғары деңгейін әлемдегі тиісінше ең жоғары өмір деңгейін дәлелдейді. Үй шаруашылығының жылдық орташа кірісі шамамен 40 мың доллар, үй шаруашылығының қаржылық емес активтерінің орташа жинақталған көлемі 123 мың доллар құрайды. Елдегі бір сағаттық орташа еңбекақы 15 доллар, ең төмені 5,15 доллар құрайды.

Елдің экономикалық күш-қуатын қалыптастыруда қаржы секторы шешуші мәнге ие. Осы ретте, АҚШ экономикасының дамуында, мемлекеттік реттеу мақсатында қолданылатын технологиясының сипаттамасын және елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын ерекшелетін үш кезеңді бөліп көрсету қажет.

Бірінші кезең – екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі және 50жылдардың соңына дейінгі уақыт. Оның аяқталуы 1957-1958 жылдардағы дағдарыспен айқындалады. Осы кезеңнің негізгі белгілері АҚШ экономикасының соғыстан кейінгі, экономикалық өсім қозғаушысы ретіндегі азаматтардың мұқтаждығына, тұтынушылар сұранысын қалпына келтіру мен рөлін кеңейтуге бағдар ұстауы болды. АҚШ халықаралық тұрғыдан абсолютті экономикалық басымдыққа ие болды – осы кезеңде АҚШ-қа дүниежүзілік қайта өңдеуші кәсіпорындар көлемінің 55,3 % тиесілі еді [3].

Екінші кезең – 1957-1958 жж дағдарыспен басталып, 1973-1975 жж. дағдарыспен аяқталады. Осы кезеңдегі дүниежүзілік шикізаттың тұрақты бағасы мен негізгі материалдар ҒТП қозғалысын орнықтырды. Мемлекеттік реттеудің кейнсиандық доктринасына адалдықтың айқын көрінісімен ерекшеленеді. Алайда, осы ретте, АҚШ-тың дүниежүзілік өндірістегі үлесі 20%-ға дейін, өңдеу кәсіпорны өнімін өндіру 24,5%-ға дейін қысқарады. Осы кезеңде АҚШ-тың дүниежүзілік экономикадағы ұстанымында елеулі өзгерістер орын алады.

Яғни, Батыс Еуропа елдерінің бұрынғы кіші әріптестерімен Жапония дүниежүзілік нарықта ғана емес, ішкі нарықта да белсенді бәсекелеске айналады. Осы кезеңде доллармен қатар, халықаралық және резервтік валюта неміс маркасы, жапон иені т.б. мәртебеге ие болады.

Үшінші кезең - 70-жылдардың аяғында басталады, дүниежүзілік шикізат бағасының өсуі ел экономикасын жаңа технологияға көшуге, ал елдің экономиканы дамыту көп жағдайда дүниежүзілік экономика жүйесін пайдалануында маңызды шараларға сүйенуін мәжбүр етті. Экономикалық ақша-несиелік реттеудің рөлі артты.

Осы кезеңдегі негізгі стратегиялық мақсат АҚШ-тың экономикалық және стратегиялық күш-қуатын қалпына келтіру болды. Осы ретте Ақ Үй Әкімшілігі одақтастармен бірге экономиканы үйлестіретін тәуелсіз саясатқа басымдық берді.

Империялық басып алушылықты іске асыру ақша-несие саласы мен қаржы саясаты арқылы басталды, ол дүниежүзілік шаруашылық үдерістерге ұзақ мерзімде елеулі ықпал етуді туындатты. Американдық мүддені қамтамасыз етудің мейлінше тиімді формасы Бреттон-Вуд институты болды. Нәтижесінде монополярлық дүниежүзілік қаржы жүйесі құрылды.

Капиталды нетто-экспорттаушы елдер салымдарының ауқымды бөлігі бұрынғыша, АҚШ-тың үкіметтік те және басқа да облигацияларына (оның ішінде ипотекалық) - долларлық активтеріне салынды. Нәтижесінде, АҚШ үкіметі осы уақытқа дейін қосарланған тапшылықты (бюджеттің тапшылығын және ағымдағы операциялар жөніндегі төлем балансын) қаржыландыру үшін шетел капиталын тарту мүмкіндігіне ие.

Ұзақ уақыт бойы қалыптасқан американдық доллар аймағы оңтайлы өлшемге сәйкестік мақсатын (еуромен салыстырғанда) көздеген жоқ – ол аталған елдің сеньоражадан тікелей және жанама пайда табуына (100 доллар банкнотты дайындаудың өзіндік құнынан 4 центтен АҚШ жыл сайын 25 млрд. долларға дейін сеньораж табыс алады), оның ұлттық экономикасын пайызсыз қаржыландыруға, дүниежүзіндегі көмірсутек шикізатының тасымалдануын, қаржы саласындағы американдық стандарттарды үстінен бақылауға бағдарланған АҚШ ұлттық валютасының кең ауқымды өктемдік саясатының тарихи заңды өнімі болып табылды[4].

Бүгінгі индустриалдық қызыметті АҚШ-тың сыртқы саудадағы және төлем балансындағы көлемі көптеген триллион болатын ұлттық қарызының теріс қалдығы қазіргі заманғы валютаның асимметриялы еместігін айғақтайды. “Символикалық өнім” аталатын АҚШ жасап шығаратын қолма-қол және қолма-қолсыз есеп айырысу, резервтік және т.б. долларын экспорттау дүниежүзілік экономиканың бүкіл тарихында аса ауқымды валюта аймағын қалыптастырады. Дүниежүзілік қаржы дағдарысы доллардың дүниежүзілік валюта ретіндегі құнсызданғанына дәлел болады.

Қазіргі заманғы дүниежүзілік қаржы дағдарысының себептеріне тоқтай кетейік. 2008 жылғы қыркүйектің ортасында шарықтау сатысына жеткен дүниежүзілік қаржы дағдарысы көптен күтілген еді, өйткені Америка экономикасын толықтай, үй шаруашылығы секторын жекелей алғанда асыра несиеленуінің тұрақты тренд орын алды. АҚШ-тағы дағдарыстың даму жылдамдығы, сондай-ақ оның үдей түсуі қаржылық ғаламдандудың шынайылығын растады.

Дағдарыстың себептері туралы үстеме пікір қалыптасты. Қазіргі дағдарыс стандартты емес ипотекалық несиеден туындағаны туралы тұжырымды көпшілік мойындап отыр. Алайда, ипотекалық несиені өздігінен іс-қимылды таныта алмайтындығын, ол тек қана қаржы құралы екендігін атап өту керек. Мәселенің туындауы осы құралдардың бақылаусыз пайдаланылғанда: экономикалық саясатта тепе-теңдік болмағанда немесе алаяқтықпен оңай олжа табу шеңберінде туындайды (АҚШ-та осының екеуі де орын алып отыр).

Стандартсыз ипотекалық несиені АҚШ-та көптен бері бар. Алғашында оның көлемі шағын болды – 190 млрд. доллар немесе жалпы ипотекалық несиенің көлемінің 8,6 % құрады. Қазіргі уақытта осындай несиелердің жалпы көлемі 5 млн-нан асып түседі, ал оның көлемі 2,5 трлн. доллар құрайды [5].

Олардың өсімі қаржы нарығындағы бірнеше ойыншылар (биржада) тобының келісе отырып қатысуымен қамтамасыз етілді. Яғни, несиені беру туралы шешім қабылдаған тұрғын үй брокерлері берілген несиенің көлемінен комиссиялық сыйақы алып отырды. Осы ретте олар бастапқы жарна көлемін қысқарта отырып, клиенттерге қойылатын талаптарды

төмендете бастады. Тұрғын үймен айналысатын банктер брокерлерден несиені сатып ала отырып, оның сапасы күмәнді болғандықтан несиені өз баланстарында көрсетпеді, бүркемелеуді үйренді, мұндай несиелерді туындылар (дериваттар) түрінде белсенді сата бастады.

Егер секьюритизациялық стандартсыз несиенің көлемі 2001 жылы 95 млрд. долларды құраса, ал ол 2005 жылы 507 млрд. долларға дейін өсті. Бұл банктерге өздеріне қабылдайтын тәуекелдің көлемін, оларды осындай бағалы қағаздарды сатып алатын сатып алушыларға жүктей отырып, барынша төмендетуге мүмкіндік жасады. Бұдан әрі, тұрғын үймен айналысатын банктерге, АҚШ-тың ФРЖ қадағалауындағы коммерциялық банктер үшін қазіргі тәуекелдерді бақылау мен бағалаудың қадағалануын қарастырмайтын инвестициялық банктер көмекке келеді [5]. Инвестициялық банктер «slicing & dicing» несиелерді қысқарту технологиясын ойлап тапты, ол құрылғын математикалық тәсілдер негізінде олардың клиенттерге мынаны дәлелдеуге мүмкіндік берді: егер стандартсыз несие қоржынын алып, одан ең жаманын алып тастаса, қалғаны мейлінше жақсы болады.

Бұдан кейін, қаржылық реттеушіні көрсету үшін, яғни, сақтандырушының жауапкершілігі аз болса да тәуекелділік сақтандырылды дегендей әртүрлі сақтандыру сызбанұсқаларын ойлап тапты. Бұдан басқа, банктер қадағалаушы органдармен келісе отырып, еншілес арнайы инвестициялық компанияларды құрды, олардың балансына ипотекалық қағаздарды аударды, олар ақша нарығымен несиелер есебінен қаржыландырылды. Бұл ретте ол компаниялардың тәуекелдері басқарушы банктің балансында шоғырланбады, бұл үдерістерді АҚШ-тың қадағалау органдары бақылауға алмады. Бұдан басқа, банктерге ипотекалық брокерлерден (қызметін ешкім де бақыламаған) сатып алынатын және құнды қағаздар шығаруды қамтамасыз етуге қызмет еткен ипотекалық несиелерін тексерудің жеңілдетілген стандарттары бекітілді.

1999 жылы коммерциялық және инвестициялық қызметтерді нақты ажыратқан Гласса-Стигала Заңының күшін жоюы үдерістің асқынуына әкеліп соқты. Оның күшінің жойылуы инвестициялық банктер қызметін ырықтандыруды білдірді, нәтижесінде коммерциялық банктерге және сақтандыру компанияларға бәрінен бұрын барлық операцияларды жүргізу құқығы берілді. Осы ретте ФРЖ инвестициялық банктерді қадағалауды, ал банк тәуекелін бақылауды осы іспен ешқашан айналыспаған бағалы қағаздар мен биржа жөніндегі комиссия жүзеге асырды.

Осылайша, америкалық реттеушілер толық түсінуге болмайтын қаржы құралдарының қалай өсе түскеніне назар аудармады. Бұның бәрі жылдам және жеңіл табыс табуға мүмкіндік беретін американдық нарықта қалыптасқан, тұрақты көтеріліп келе жатқан жылжымайтын мүлік тренд жағдайында орын алды. Осындай жағдайда қарызгер, сонымен бірге алынған кірісті немесе оның бөлігін ағымдағы тұтынуды жеңілдету үшін қайта орналастыруға немесе сатуға мүмкіндік алды. Көптеген қарапайым американдықтар бұдан пайда табуды көзdedі, екінші және тіпті үшінші үйді инвестициялық мақсатта сатып ала бастады. 5-10 % немесе бастапқы жарнаның толық болмауы жағдайында бұны жасау қиын еді. Көбікті қампайту ұзаққа созылмасы белгілі еді, оның сөнуді табиғи нәрсе болғандықтан [6].

ФРЖ пайыздық мөлшерлеме деңгейін бірте-бірте көтере бастады, осының ізінше ипотекалық несие бойынша мөлшерлемесі ұлғая түсті. 2007 жылы статистикада несиенің нақты деңгейі мен мерзімінің кешігуін жариялағанда жылжымайтын мүлік нысандарын сатып алудан бас тартқандар саны барынша арта түсуімен қатар бағаның төмен құлдырауы жағдайдың ушыға түсуіне әкелді.

Шиыршық серіппе оң бұралудың орнына кері бағытқа жылдам айнала бастады. 2007 жылғы көктемде қолайсыз ипотека туралы, одан кейін инвестициялық банктер (tehman Brothers, Merrilt Lynch) туралы жаңа сыбыс тарап кетті. Осылайша, АҚШ-тағы ипотекалық несие дағдарысы өтімділіктің дүниежүзілік дағдарысына жалғасты.

Осыған байланысты, банктік қадағалау, банктік тәуекелді бағалау, туынды қаржы құралдарымен операциялар есебін жүргізу тәжірибесін өзгерту мәселесі сөзсіз шешілетін болады.

Осылайша, дағдарыс болуының негізгі себебі қаржылық деривативтердің кең таралуы және қаржы реттеушілерінің де, рейтингтік агенттіктердің де жаңа қаржы құралдарының тәуекелін дұрыс бағалауға дайын болмауынан болды. “Несие -дериватив-несие” тізбегінде әрбір келесі буынның тәуекелі “шайылып” кетіп отырды, ол нашар қарыздың едәуір өсуіне әкеліп соқты. Осы ретте, дүниежүзілік қаржы нарығының белгілі рейтингтік агенттіктер қамтамасыз етіп отырған қаржылық ресурстармен толығып жалғасып жатты. 2008 жылдың басында ДВҚ дүниежүзілік қаржы жүйесінің болашақ жоғалтуларын 1,3 триллион долларға бағалады, ал есептен шығарылғаны 600 миллиард шамасында.

Деривативтік желінің шиленістіруіне байланысты олардың бөлінуінен кімнің көбірек зиян шегетінін анықтау қиын. Деривативтік нарықтың барлық көлемі американдық ЖІӨ 100 есе көп екенін атап өткен жөн. Бұл сандар баланста көрсетілмейді. Бұл міндеттемелер бойынша қашан және кім төлем жасайтыны, кімде қандай мөлшерде бар екені, көрсетілген төлемдерді мезгіл бойынша қаншалықты ұзартуға болатыны туралы ақпарат жоқ [7].

Негізінде инновациялық операцияларының туынды қаржы құралдарымен бірге дамуы нақты базалық активтермен қаржы мәмілелерінің байланысын, қаржы инжинирингінің ноу-хау сияқты дамуы сабын көпіршігіндей жарылуына әкеліп соқтырды.

Соңғы дүниежүзілік қаржы дағдарысының себептері мен зардаптарын қорыта келе, оның ғаламдық экономиканың төмендегі мәселелерін ескергенін атап өту керек:

нарық туралы, яғни еркін нарықтық экономиканың эталондық үлгісі туралы бұрынғы көзқарас деңгейінің төмендеуі, (бұл туралы АҚШ конгресінің алдында Ален Гринспен мойындаған);

халықаралық қаржы ұйымдары мен дүниежүзілік қаржы жүйесінің қалыптасуы әлемдегі жаңа жағдайға сәйкес келмеуі;

нақты капиталдан қаржы капиталының бөлінуі. Сонымен, бағалы қағаздар көлемінің өсуі әлемдегі ЖІӨ өсуінің жоғарлауы: 2005 жылы әлемдік өндірістің көлемі 41 триллион долларларды құрады, ал бағалы қағаздарының құны 95 триллион долларлардың шамасын құрады [8, 9, 10];

"Жедел ақшаның" (аударылған пирамиданың тиімділігі) алыпсатарлық сипаты;

ТҰК мен ТҰБ дүниежүзілік несие нарығы мен дүниежүзілік акциялар нарығындағы әсері (ТҰК дүниежүзілік өндірістің 25 % және дүниежүзілік сауданың 30 % бақылайды); дүниежүзілік қаржы нарығын реттейтін бірдей механизмнің сәйкес болмауы.

Қазақстандық дағдарысты “реттелген” деп есептеп барлығын Америкаға жабуға бола ма? Немесе Қазақстанда орын алған дағдарыстың бірқатар себептері дүниежүзілік қаржы нарығындағы оқиғаларға итермеледі ме?

Дағдарыс ғаламдық экономика үлгісі мен дүниежүзілік қаржы архитектурасының әлсіздігін ашып қана қоймай, қазақстандық қаржы мәселелерін де көтерді.

Қазақстан Республикасында біртіндеп дағдарыстың төмендегі зардаптары айқындала бастады:

- жылжымайтын мүлік бағасының төмендеуі;
- несие беру шарттарында талаптардың күшеюі;
- тұтынушылық шығындар мен инвестиция деңгейінің төмендеуі;
- қаржы институттарының елеулі шығындары;
- ішкі сұраныс пен іскерлік белсенділіктің біртіндеп төмендеуі.

Қаржы дағдарысының себептері әртүрлі екенін атап өтейік. Бәрінен бұрын, макроэкономикалық саясаттың дәрменсіздігі, әсіресе ақшалай биліктің, сонымен қатар, ішкі қарыздарды тиімсіз пайдалану мен ұлттық қаржы жүйенің тұрақсыздығы және т.б. Негізінен, ҚР ішкі берешектері дүниежүзілік несие капиталы нарығында жеке меншік секторға несиені бақылаусыз беру арқылы пайда болды. Ұлттық экономика үшін оның жағымсыз жақтары жаңа сыртқы шеттен алынған қаражаттардың көп мөлшері негізінен бұрын алынған қарыздарын жабуға кетуі елдің борышкер болып қалуында.

Жеке меншік сектордың келешекте ішкі қарызын төлеу қаупі валюталық саясаттың сипатын да айқындайды.

Қазақстанда банк дағдарысы 2007 жылғы күзден басталды. 2009 жылы ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сүйенсек сыртқы міндеттемелер бойынша төлемдер 1 320,0 млрд теңге сома көлемінде (АҚШ долларының – 11 млрд) болды. Тұрақсыздық жағдайында халықаралық кредиторлардың мерзімінен бұрын төлем жасауды талап етуді мүмкін.

Бұл ретте ҚР банкілерінің мерзімі өткен несиелерінің сомасы 8,2 млрд долларды құрайды. Агенттіктің бағалауы бойынша S&P нашар қарыздардың үлесі 35-40 пайызды құрайды.

ҚР банктерінің несиелік қоржыны 2009 жылы 1 қаңтардың жағдайымен 9 127,7 млрд теңгенгі құрады, ал күмәнді несиелер пайызы 2007 жылғы 1 қаңтардың жағдайымен 45,8 %, ал 2008 жылғы 1 желтоқсанның жағдайымен 56 %-ды құрады.

ҚР сыртқы қарыздарының көлемінің өсуі 2004-2005 жылдары басталады, жыл сайын олардың көлемі 10 млрд долларға өсіп отырды, ал 2006 жылдың басында 11,4 млрд доллардан асты. 2006 жылы сыртқы қарыздары өте жоғары деңгейді көрсетті, яғни ЖІӨ есебінде 93,9 млрд долларға дейін өсті [9].

Ал банк секторының активтерінің негізгі үлесі -73,5 % ҚР резиденттеріне келеді, ал активтердің тек қана 26,5 % (2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен) республика аумағынан тыс жерлерде орналасқан. Активтердің жиынтық активтердегі шетелдік валюталық үлесі 53-55 % құрайды.

Халықаралық нарықта банктер қаражаттарды еурооблигациялар мен сидицироланған қарыздар (заем) арқылы алады. Сыртқы міндеттемелер құрылымында ҚР резиденттері емес тұлғалардан тартылған қарыздары (банктердің сыртқы міндеттемелерінен 29 %-бен) ерекшеленеді. Олар көрсетілген кезеңде 62,1 %-ға өсті. Резидент еместерден тартылған қарыздардың негізгі көлемі Ұлыбритания және Солтүстік Ирландияға, АҚШ-қа, Жапонияға, Германияға, Австрияға тиесілі. Сонымен бірге бұл қаражаттар көбінесе сауданы қаржыландыруға бағытталады (кесте 1).

ҚР банкінің несиелік қоржынының құрылымы 2005 жылғы төмендей бастады. 2006 жылғы 1 қаңтардың жағдайымен стандарттық несиелердің үлесі төмендеп 44 %-ды құрады, ал күмәнді несиелер 56 %-ға дейін өсті.

Қазақстандық банктердің несиелік қоржын сапасының нашарлауына байланысты несиелік белсенділігі төмендеді.

Кесте 1 – 2000-2007 жылдар кезеңіндегі экономикадағы коммерциялық банктердің несиелік салымдарының салалық құрылымы (салыстырмалы көрсеткіші %-бен)

Салалар	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007
Сауда	29,8	33,3	31,0	29,4	28,3	26,9	24,6	23,6
Құрылыс	41	4,3	4,7	6,4	7,7	10,7	12,0	13,4
Өнеркәсіп	23,2	30,5	33,9	34,3	28,0	19,5	16,9	13,1
Ауыл шаруашылығы	8,4	9,4	10,3	11,4	12,0	8,4	6,0	4,8
Көлік	3,4	6,0	4,3	3,0	3,2	3,8	3,0	2,7
Байланыс	2,1	2,1	2,4	1,9	0,8	1,3	0,8	0,6
Басқа салалар	29,0	14,4	13,4	13,6	20,0	29,4	35,5	41,6
Барлығы	100	100	100	100	100	100	100	100

Банктердің несиелік қоржынының құрылымында үмітсіз несиелердің үлесі 2007 жылы 2,7 есе өсті, бұл соңғы 4 жылдағы ең жоғары және жаман көрсеткіш болды, абсолюттік мәнде 300,1 млрд теңгені құрады. Сондықтан күмәнді несиелер құрылымында несиелердің сапасыз қарыздар санатына қарай тұрақты көшуі байқалды.

Несиелік қоржынның сапасының нашарлағанын мерзімі өткен берешектің 3 есе өсуі дәлелдейді (2007 жылы 01 қазан жағдайымен). Бұл ретте берешектері 3,5 есе өскен жеке

тұлғаларға берілген қарыздар сапасының төмендеуімен сипатталады, ал мерзімі өткен берешектің көлемі сол кезеңде 3 есеге өсті.

ҚҚА-нің әдіснамасына сәйкес есебінде жұмыс атқармайтын қарыздары өткен жылдың қазан айынан 3 есеге жуық өсті және абсолюттік көрсеткіші 570,0 млрд теңгені құрады. Төлем мерзімі 90 күннен асқан несиелер несиелік қоржынына қатынасы бойынша 2008 жылғы 01 қазанның жағдайымен 4,3 %-ға өсті, тек қана Зайда абсолюттік көрсеткіші 38%-ға өсті.

Соңғы жылдарда шетелдік валютада көрсетілген несиелердің Қазақстандық ЕДБ несиелік қоржынында тұрақты динамика сақталып келеді. Қазіргі уақытта олардың үлесі 50 %-дан астам. Бұрынғыдай мұндай қарыздардың көбісі жергілікті халыққа берілген. Сондықтан валюталық қарыздардың сапасын талдай отырып, өткен жылдың қазан айынан бастап шетел валютадағы қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі 2,4 есеге өсті. Сонымен бірге, жеке тұлғаларға шетелдік валютада берілген несиелер бойынша мерзімі өткен берешек 5 есеге өсті.

Жаппай өсу кезеңінде басталған қазақстандық банктердің экспансиясы (өктемдік жүргізуі) көршілес нарықтарда ғаламдық қаржылық тұрақсыздықтың барлық кезеңінде сақталды. Активтерді орналастыруға ең тартымды ел болып резидент еместерді несиелеу құрылымында 25,8% ие болған Ресей Федерациясы болып саналады. Ресей Федерациясынан басқа негізгі серіктес ел ретінде Виргин аралдары, Британия, Люксембург, Кипр, АҚШ, Түркия шығады.

Банктік бәсеке жағдайында көптеген банктер несие беру жүйесін, несиелік өтініштерді қарау, мерзімдерін, несие беру тәртібін оңтайландыруды күшейту және өтімділікті арттыру шарттары, әрине, банктердің несиелік қоржынның құрылымының нашарлауына әкелді. Бөлшек несиелеудің кең көлемді өсуі несиелеу объектілерінің құрылымына да әсерін тигізді, кәсіпорындардың айналым құралдарын толықтыруға несиелер үлесі төмендеді, негізгі құралдарды алуға, салуға немесе жөндеуге бөлінетін несиелер үлесі қысқарды.

